**«ГЕО-НУРСАТ ҚЫЗЫЛОРДА» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ**
**ТОО «ГЕО-НУРСАТ ҚЫЗЫЛОРДА»**
*Адрес: г.Кызылорда, ул. Г.Муратбаева, 13, БЦ «№Бабас» 319 каб, тел.23-97-33*

*Қызылорда қаласы* *г.Кызылорда*

13 сәуір 2018 жыл
Шығыс №48

**ҚР Қаржы министрлігі Ішкі аудит комитетінің Қызылорда облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің басшысы Ғ.Қалиевке**

"Жаңақорған ауданынының ауыл шарушылығы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жариялаған "Суармалы инженерлік жүйеге келтірілген жалпы көлемі 21861,78 га жерлерді қайта қалпына келтіру үшін, суландыратын су жүйелеріне (каналдарға) **жерге орналастыру жобасы мен мемлекеттік акті дайындау**" №2305375-2 мемлекеттік сатып алумен және оның қорытындысымен келіспейтіндігімізді білдіреміз.

Аталған сатып алу бойынша 54 880 357 (елу төрт миллион сегіз жүз сексен мың үш жүз елу жеті) теңгеге конкурс жарияланған болатын. Осы мемлекеттік сатып алудың қорытындысы бойынша "КазЮжПроект" ЖШС жоғарыда аталған соманың 82 % пайызын түсіп ұтып алды. Бұндай ауқымды жұмыстарды 10 100 000 (он миллион бір жүз мың) теңгеге орындау мүмкін емес. Жерге орналастыру жобасын қоспағанда, монополиялық жұмыстар қатарына жататын жер кадастрлық жұмыстары орындалуы үшін осындай қаражатты қажет етеді. Бұл дегеніміз аталған жұмыстарды орындау үшін "КазЮжПроект" ЖШС-нің мемлекеттік жер кадастры мәліметтеріне қол жетімділігі бар немесе "Жаңақорған ауданынының ауыл шарушылығы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі конкурсты жариялау кезінде бағаны негізсіз бірнеше есе жоғары көрсеткен дегенге ұқсайды.

Айта кететін мәселе мұндай үлкен сомаларды мемлекеттік сатып алуға жариялау кезінде бағалық демпинг белгіленуі қажет деп есептейміз.

Мысалы, Қармақшы ауданында №2158969-1, Қазалы ауданында №2471122-1 сатып алуларда жұмыстарға демпинг белгіленген.

Өздеріңізге белгілі ҚР жер кодексінің 153-бабының талаптарына сәйкес мемлекеттік жер кадастры (жер актісінің дайындау т.б.) жұмыстары мемлекеттік монополиялық қызмет түріне жатады. Яғни, аталған жұмыстар "Азаматтарға арналған Үкімет" мемлекеттік корпорациясы коммерциялық емес акционерлік қоғамының Қызылорда облысы бойынша филиалы-Жер кадастры және жылжымайтын мүлікті техникалық тексеру департаментімен тікелей шарт жасасу арқылы жүзеге асырылады және де мемлекеттік сатып алуда жарияланыуға жатпайды.

Бұл жөнінде осыған дейін Ішкі мемлекеттік аудит департаменті «Сәйкестендіру құжаттарын (мемлекеттік актілер) дайындау» бөлігіндегі жұмыстар (*қызметі*) мемлекеттік монополияға жататынын туралы 7 ақпан 2018 жылғы №06-23/230 хаты арқылы көрсеткен болатын.

Дегенмен Жаңақорған ауданынының ауыл шарушылығы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жариялаған №2305375-2 "Суармалы инженерлік жүйеге келтірілген жалпы көлемі 21861,78 га жерлерді қайта қалпына келтіру үшін, суландыратын су жүйелеріне (каналдарға) **жерге орналастыру жобасы мен мемлекеттік акті дайындау**" мемлекеттік сатып алуда жерге орналастыру жобасы мен жер актісін дайындау ажыратылмай бірге жарияланған. Яғни, бәсекелестік ортаға кірмейтін монополиялық жұмыстары (жер актісін дайындау) ашық конкурста заңсыз жарияланып отыр.

**Жоғарыдағыларды айта келе, сұраймын:**

1. Жаңақорған ауданынының ауыл шарушылығы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жариялаған №2305375-2 "Суармалы инженерлік жүйеге келтірілген жалпы көлемі 21861,78 га жерлерді қайта қалпына келтіру үшін, суландыратын су жүйелеріне (каналдарға) жерге орналастыру жобасы мен мемлекеттік акті дайындау" мемлекеттік сатып алу ашық конкурстық құжаттамаларға тексеріс жүргізуді.

2. Заң бұзушылықтар анықталған жағдайда, бәсекелестік ортада жүргізілетін және мемлекеттік монополияға жатқызылған қызмет түрлерін ажыратып жоғарыда аталған конкурстың қайта жарияланууына ықпал етуіңізді.

**Директор** **Н.Оразымбетов**